«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы
Авиациялық спорт түрлері
федерациясының басхатшысы
_____А.Ф.Оксененко
«17» 07 2018 жыл

«БЕКІТЕМІН»
БҚО дене шынықтыру және
спорт басқармасының
басшысы
_____Ә. Аманбаева
«___» _____ 2018 жыл

Авиамодель спортынан 2018 жылғы $Ф_1$ модельдерінің тобы бойынша Әлем Кубогінің кезеңі мен Қазақстан Кубогінің кезеңін өткізудің ережесі

Мақсаттары мен міндеттері

- Авиамодель спортын дамыту және насихаттау;
- Авиамодельшілердің спорттық шеберліктерін арттыру;
- Жеке-командалық біріншілік өткізу.

Өту уақыты мен орыны

Жарыс 2018 жылдың 24 тамызында Орал қаласында өтеді.

Жетекшілік және ұйымдастыру

Жалпы жарысты өткізу мен ұйымдастыру БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасына жүктеледі. БҚО авиация спорты федерациясы авиамодель спорты бойынша лақтырмалы F-1-A, F-1-B, F-1-C, F-1-H, F-1-G, F-1-P модельдерінің топтары бойынша өтетін Әлем Кубогі мен Қазақстан Кубогі кезеңіне қатысуға шақырады.

Жарыс 2018 жылдың 26 тамызы күні Орал қаласында (Қазақстан Республикасы)
өтеді.
Жарыстың ұйымдастырушысы болып БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы табылады. Жарыс АСФ спорттық-күнтізбелік жоспарына сәйкес өткізіледі.

Өтетін	Модельдер тобы	Сөренің басталатын

уақыты		уақыты
23.08.2018ж	Қатысушылардың келуі және тіркелуі	сағ. 08:00 – 18:00
24.08.2018ж	Жарыстың басталуы.	сағ. 08:00
24.08.2018ж	Жарыстың ашылуы	сағ. 10:00
24.08.2018ж	F-1-A, Y, B, J, C, P модельдерінің сөрелері	сағ. 07:30
24.08.2018ж	Жарыстың жабылуы және қатысушыларды марапаттау. Қатысушылардың кетуі	сағ. 19:00

Әлем Кубогінің кезеңі мен Қазақстан Кубогінің кезеңіне қатысушылар және кіру рұқсатының шарттары

Жеке және командалық біріншілік әрбір топтарда көрсетіледі. Модельдер топтары бойынша әр командадан бір қатысушы қатысады (F-1-A, Y, B, J, C, P). Әрбір команданың бір төрешісі болады. Төрешілерде дүрбі мен секунд өлшеуіш болуы қажет.

Команда құрамы өз өтініштерін алғашқы ресми сөренің басталуынан 1сағат бұрын мәлімдейді. Қазақстан Кубогі кезеңінің әр қатысушысында 2018 ж күші бар АСФ-ның халықаралық спорттық лицензиясы болуы тиіс.
Жарысқа қатысушылар Орал қаласындағы Аманжолов 174 мекен-жайында орналасқан «Облыстық авиация спорты бойынша БЖСТМ» МКҚК ғимаратында 2018 жылдың 23 тамызы күні сағ.10:00-ден 20:00-ге дейін тіркеледі.

Жарыс күні келген қатысушылар сөренің басталуына 1 сағат бұрын тіркеледі. Әр қатысушы тіркелу кезінде Қазақстан Кубогінінің кезеңі үшін өтінім жарнасын төлейді: спортшылар 25 еуро, 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер тегін қатысады. Барлық өтінім жарналары интернационалды авиамодель федерациясының счетына аударылады.

Қатысушылар мен командалардың жарысқа жіберілуі мандат комиссиясының хаттамасы негізінде төмендегі құжаттар бойынша жүзеге асырылады:
- іссапар куәлігі;
- атаулы (именной) өтінім;

- біліктілік сынақ кітапшасы.

Алдын-ала өтінімдер жарыстан 30 күн бұрын жіберіледі. Өкілдер, жаттықтырушылар, көмекшілер іссапарға жіберуші мекеменің шешімімен жіберіледі.

Қаржылық шарттар және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Жарысқа қатысушыларды, жаттықтырушы –оқытушылардың іссапармен байланысты шығындарын (бару, келу жолақысы, тамақтану, тұру, тәуліктік), төрешілердің іссапар шығындарын (жолақы, тұру, тәуліктік) іссаапарға жіберетін мекеме өз есебіне алады.

Ашылу және жабылу салтанаты (жүргізуші, дыбыстандыру, штандарт ұстаушылар), баспасөз өнімдері, көлік қызметі, жарыс кубоктары, спорт түрлері бойынша төрешілер және дәрігерлік қызметкерлер жұмысының ақысы Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы есебінен.

Спортшыларды марапаттауды (дипломдар, медальдар,) «Облыстық авиация спорты бойынша БЖСТМ» МКҚК өз есебіне алады.

Жеңімпаздарды анықтау тәртібі және марапаттау

Жеке біріншіліктің нәтижелері АСФ Кодексі бойынша анықталады. Командалық біріншілік нәтижелер сомасы бойынша (командалық ұпайлар) барлық командалардың модельдер топтары бойынша анықталады.

Антидопингті бақылау

Барлық спортшылар барлық жас ерекшеліктерінің Дүниежүзілік антидопингті агенттігінің (ДАДА) нормаларына сәйкес допинг-бақылаудан өтуі мүмкін. Барлық спортшылар ДАДА антидопингті Кодекстің ережелерін сақтауы тиіс. Егер спортшылар ДАДА антидопингті Кодексті бұзған жағдайда, допинг тест тапсырудан бас тартса немесе келмей қалса, онда оларға ДАДА антидопингті Кодекстің нормаларына сәйкес, ықпалшаралар қолданылады (спортшыны толықтай жарыстан шығарып тастауға дейін барады).

Наразылықтар

АСФ ережелеріне сәйкес наразылықтар беріледі. Негізделмеген наразылықтың АСФ Кодексіне сәйкес беріледі. Спортшылар мен команда өкілдерінің бас төрешінің шешімімен команда нәтижесінен 100 ұпай айыппұл төленеді.

Ереже Қазақстан Кубогінің кезеңіне ресми шақыру болып табылады.

Байланыс иесі: Кузнецов Сергей Иванович. Тел: 8 705 960 09 21
e-mail airzko@mail.ru немесе K.S.I.1961@mail.ru
Жарысқа қатысушылар БҚО Орал қаласындағы қонақүйіне орналасады. Нақты ақпаратты бір ай бұрын мына телефон бойынша ала алады: 8 705 960 09 21